

А.И. Құдайбергенова*

*Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Алматы, Қазақстан
(E-mail: akudaybergen@mail.ru)*

Қазақстандағы 1929–1932 жж. шаруалар көтерілістері және қазақтардың ауа көшуі (халық жадында)

Мақалада ХХ ғасыр тарихындағы өзекті мәселелердің бірі — 1930-жылдардағы қазақтардың Қазақстаннан мәжбүрлі қоныс аудару тарихы қарастырылған. Ірі байлардың, кулактардың, жартылай феодалдардың (орта шаруалар мен шаруалардың) мүлкін тәркілеу, мәжбүрлеп ұжымдастыру, күштеп отырықшыландыру, күштеп астық және ет дайындау, «Үш масақ туралы» заң бойынша жазалауды жүзеге асыру — саяси науқандарының нәтижесі халықтың ауа көшуіне алып келді: алдымен байлар мен барлық әлеуметтік топ өкілдерінің тұтас ауылдармен көшуі; содан соң, шаруа көтерілістерін басып-жаншу, олардың жетекшілері мен көтеріліске қатысушылардың елмен шектес аумақтарға қашуы, сондай-ақ аштық кезінде қазақтардың аман қалу амалы ретінде сыртқа босуы. Бұл үдеріс республиканың барлық өңірлерін қамтыды. Автор мақалада 1998 жылы Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ғалымдарының Қазақстан бойынша жүргізген экспедициясы кезінде жинаған ауызша материалдарды, сондай-ақ, құпиясыздандырылған архивтік материалдар негізінде кеңес өкіметінің саяси науқандарына қарсы халық наразылығының бір түрі — халықтың ауа көшуімен жалғасқан шаруалар көтерілісі мәселесін жаңа қырынан ашып көрсеткен. 1929–1930 жылдары Қызылорда облысын қамтыған шаруалар көтерілісінің тарихы мақала авторының Ақмырза көтерілісіне қатысқан, Ақмырза ишанның сарбазы болған Шамшат Әлібайұлымен, сондай-ақ басқа да ақпарат берушілермен жеке сұхбаты барысында анықталған ауызша мәліметтермен толықтырылған. Естеліктер мен мұрағат құжаттарын талдау нәтижесінде автор шаруа көтерілістерінің себебі мен сипаты туралы өз пікірін білдірген.

Кілт сөздер: шаруалар көтерілісі, 1929–1933 жылдар, ашаршылық, босқыншылық, ауа көшу, Қазақстан, Ақмырза, дін, мешіт, қуғын-сүргін, ақтау.

Кіріспе

Қазақстанда ХХ ғасырда қазақ ұлтының тағдырында маңызды рөл атқарған, ұлттың руханияты мен болмысының өзгерістеріне ерекше әсер еткен апатты оқиғалар орын алды. Кеңестік билік ХХ ғасырдың 20–30 жылдары ірі байлардың, кулактардың, жартылай феодалдардың (орта шаруалар мен шаруалардың) мүлкін тәркілеу (кәмпескелеу), мәжбүрлеп ұжымдастыру, күштеп отырықшыландыру, күштеп астық дайындау және күштеп ет дайындау, «Үш масақ туралы» заңды іске асыру, т.б. саяси науқандарды жүргізді. Бұл науқандар ғасырлар бойы терең өзгерістерге түсе қоймаған қазақ ұлтының дәстүрлі болмысының, күнделікті өмірінің ырғағына қауіп төндіріп, халықтың толқуларын, қарсылығын туғызды, босқыншылықпен ұласқан ашаршылыққа душар етті.

Солардың ішінде 1929–1932 жылдардағы шаруалар көтерілісі, көтерілістерді басып-жаншуға байланысты халықтың ауа көшуі мәселелері кеңес дәуірінің Горбачевтың «жариялылық» кезеңінде айтыла бастағанымен, Қазақстан егемендік алғаннан кейін ғана ашық зерттеле бастады. Бірақ, шаруалар көтерілістері, ашаршылық, босқыншылық мәселелерінің шынайы тарихының әлі күнге дейін терең ашылмаған тұстары бар. Көтерілістерге қатысқан адамдар мен олардың ұрпақтарының көтерілістер туралы білгендері мен естігендері, көтерілісшілердің тағдырлары т.т. оқиғаға деген өзіндік көзқарастарымен, пікірлерімен танысқан сайын бұл мәселенің толыққанды қарастырылмаған, терең ашылмаған өзекті мәселелер шоғырына кіретініне шәк келтірмейміз.

Талқылау

Қазақстанның өн бойында болған халық қозғалыстары жайлы тарихи әдебиеттерде аз айтылған жоқ. Мысалы, 1931 жылы Орталық Қазақстанда Қарқаралы округінің Абыралы, Шыңғыстау, Шұбартау аудандарында көтерілістер басталды [1: 26]. Сыр өңіріндегі Асандар көтерілісі, Ақмырза көтерілісі (700 сарбазы болды) және Қарақұм көтерілістері (жалпы барлығының саны 10 мың сарбаз) де тарихта белгілі [2: 1–3]. Қазақстан бойынша 1929–1932 жылдары кеңес билігіне қарсы барлығы 372 қарсылық қозғалыстар болды.

Архив қойнауларында сақталған құжаттар (ашық-құпия түрлерін қоса алғанда) шаруалар көтерілістерін ұйымдастырғандар, көтеріліске қатысқандар кеңес өкіметіне ашық қарсы шыққан бандалық құрылымдар, биліктің шешімдеріне арнайы қарсылық көрсетуді мақсат етіп, күреске шыққан бандиттер ретінде көрсетеді [2–4]. Сол себепті, шаруалар көтерілісін басып-жаншу қажетті әскери шара болды деп түсіндіріледі. Ал көтеріліс жайлы халық жадында сақталған мағлұматтар мен архивтерде кездесетін құжаттарға жіті талдау жасасақ, онда күнкөріс көзінен айрыла бастаған қарапайым халықтың жан-айқайынан туындаған шарасыздықтан соң туындаған қарсылықтары үшін шаруалардың «бандиттер» деген топқа енгізіліп, жазаланғандарын байқаймыз. Отандық зерттеушілердің еңбектерінде де күштеп ұжымдастыруға қарсы көтерілістердің «бандалық құрылымдар» мен «бандиттердің» бас көтерулері емес, халықтың аштыққа қарсы қарсылығы, әділетсіздікке қарсы көтерілуі екені айтылады.

Сонымен бірге, кәмпескеден қашқан байлар малын тәркілеуге қарсылық көрсетіп, бүкіл ауылымен мекендеген жерлерінен көрші аймақтарға көшті [5: 34]. Бұл көтерілістерді басу кезінде жазалаудан қашқандардың көші жаппай сипат алды. Бүкіл Қазақстанды қамтыған бұл қарсылықтарды ғалым К. Нүрпейіс «ұлт-азаттық қозғалыс» деп те бағалады. Осындай тұжырымдарды жан-жақты анықтауға өз пікірімізді қоссақ деген ой бар.

Зерттеу әдістері

Кеңестік ғылым мен білім саласындағы ұрпақтар миына құйылған тарихи мәліметтердің қазақ қоғамының өмірін толық ашпайтыны, ұлттық тарихтың қордаланған мәселелерінің бар екендігі тарихшылар мен мемлекеттік қайраткерлердің назарында болды.

1996–2002 жылдары Қазақстанның мемлекеттік хатшысы болып жұмыс жасаған Әбіш Кекілбаевтың бастама-қолдауымен 1998 жылы халық арасындағы этно-мәдени мұраларды, тарихи оқиғалардың халық арасындағы өміршең ауызша нұсқасын (ауызша тарих әдісі) жинақтау мақсатында Қазақстанның барлық облыстарына арнайы зерттеу экспедициялары жіберілді. Негізгі міндет — қазақ жеріндегі тарихи оқиғалардың куәларының көзі тірілері сақталып тұрған кезде, халықтың сол оқиғаларға қатысы, көзқарасы қандай болғандығын, шынайы тарихи болмысын анықтау үшін ұлттық жазба және заттай деректерден не бар екенін барлап, жинақтап, ұлттық тарихтың жазылуына жағдай жасау болып табылды. Себебі, халық арасында, халық жадысында жатталып, аңыз-әңгіме, естелік-мәлімет түрінде сақталынатын және ауызша тарих деректері болып қабылданатын материалдар бар.

Экспедицияға Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты басшылық жасап, оған тарихшылар, тілшілер, әдебиетшілер, этнографтар тартылды. Осы экспедицияға қатысқан мақала авторы Қызылорда округінде орын алған көтерілістерге қатысқан адамдармен кездесіп, сұхбаттар алып, халықтың жылдар бойы ашық айта алмаған пікірлерімен танысқан болатын.

Сондықтан бұл мақала архив құжаттарымен бірге көтеріліс болған аймақтардағы тұрғындардың көзі тірілері мен ұрпақтарының естеліктерін салыстыра отырып жазылды.

1998 ж. этно-мәдени мұраларды халық арасынан жинау экспедициясының құрамында Қызылорда облысы, Қармақшы ауданының Жаңақала ауылының тұрғындарымен кездесу барысында Ақмырза көтерілісіне қатысып, Ақмырза ишанның сарбазы болған Әлібайұлы Шамшат атамен кездесіп, сұхбат алдым.

Көтеріліс кезінде 18 жасар жігіт болған Шамшат ата көтерілістің қалай басталғандығын, оның басты себебі жергілікті халыққа үсті-үстіне көтеріле берген салықтың түрлері мен мөлшерінің ақылға сыйымсыз көптігіне қатысты екендігін айтты. Сол ауылдың тұрғындары Әбіштай Өскенбаев және Әлібайұлы Шамшат атаның келіні де көтерілістің барысы туралы өз ойларымен бөлісті.

Зерттеу нәтижелері

Дәстүрлі патриархалды өмір салтымен қоса шаруашылығын жүргізу негізінде, отбасылық салт-дәстүр, құқықтық қарым-қатынас, әлеуметтік-саяси құрылымын сақтап келген қазақ халқына жаппай ұжымдастыру, кулактар мен байларды жою және салық салу кезіндегі кеңес билігі тұсында жүргізілген күштеу, міндеттеу және мәжбүрлеу жолымен жүргізілген реформалар түсініксіз болды және өмір сүру дәстүріне қайшы келді.

Қазақ қоғамының әлеуметтік-экономикалық өмірі ислам дінінің қағидаттарымен біріге дамыды. Кеңес өкіметінің тәртібі орнау кезінде бұл үдеріс жалғасып, мызғымас күйде сақталып отырған еді. Жаңа тәртіптің орнығуы ислам дінінің рухани ошақтарын, мешіттерді, медреселерді жоюмен, діни

біліммен сусындандыратын молдалар, ишандар, ахундар мен сопыларды т.б. қуғындаумен қатар жүрді.

XX ғ. 20–30 жж. кәмпеске, жер аудару, халық жауы ретінде қуғындау, кәмпескеленбегендеріне салық мөлшерін ұлғайта беру, халық көтерілістері, жойқын ашаршылық — бір-біріне жалғасқан саяси, әлеуметтік, экономикалық, демографиялық катаклизмдер орын алды. Айта кету керек, шаруалардың көтерілуіне себеп болған жайттың бірі — көшіп кеткен байларға салынған салықтардың мөлшерін сол ауыл адамдарына бөліп, қайта салу арқылы орындатпақ болғаны. Мына құжат осы сөздерді растайды: «Қызылорда округінде 29–30-ші ауыл ішіндегі бай кулактардың басқа ауданға хәм Өзбекстанға көшіп кеткені бар, бұларға берілген жоспардың қалай орындалуы жөнінде жоспар берілген. Қай қайсысы хәм қаншасы көшіп кеткенін, хәм олардың тізімін толық алуға келген уәкілдерге тапсырылсын. Жоспар берілген байлардың басқа ауданға қашып, көшіп кеткеніне тиісті шара қолдануға аудандық парткомы мен аудандық аткомге тез жіберілсін. Халық мойнындағы қаржы борышынан ауылдың салық ақшалары 100 % толық жиналатын болсын. Бес жылдық жоспарды төрт жылда орындау, оның қарызын халыққа үгіт арқылы 100 % толық таратылсын...»* [6: 5]. Бір ғана құжат ет пен астық жинау науқанының асыра сілтеушілікпен өткізілгеніне куә. Ол ол ма, Голощекин көрші республикаларға қашып кеткен байларға тиесілі салық мөлшерін көшіп барған жерінен да өндіріп алу шараларын жүргізген [7: 75].

Кәмпескеге қарсылық ретінде басталған ауылымен көшу үдерісі өкіметке қарсы күрестің бір түрі болды. Бұл үдеріс шаруалар көтерілісін басып-жаншып, көтеріліске қатысқандарды бандылар ретінде жазалаудан, қашумен ұласты. Ал, Маңғыстау жерінде 1928 ж. басталған, Қазақстанды 1929–1933 жылдары толық қамтыған ашаршылық кезінде қазақтардың ауа көшуі, аш адамдардың жаппай босуына әкелді. Босқындардың бір бөлігі кәмпескеден және шаруалар көтерілісіне қатысып, жазаға тартылудан қашқандар болса, негізгі бөлігі аштықтан қашып, жан сауғалағандар болып табылды. Яғни босқыншылық — кеңестік биліктің жазалау саясатының нәтижесі. Оның көлемі мен себептерін Қазақ өлкелік БК (б) ПК орталыққа жаппай көшудің орын алғанын хабарлаған 1931 ж. құжат арқылы көрсетейік:

Жанпай көшу.

Бандалық топтардың жаппай қарсылық көрсетуімен бірге байлардың контрреволюциялық тағы бір белсенділігі — шетелге, Қытайға, Қазақстанмен көршілес аймақтарға кедейлер мен орташаларды жаппай ауа көшуге (откочевка) тартуы орын алды. Ауа көшудің себептерін жүргізіп жатқан экономикалық-саяси кампаниялардан, әсіресе, ет-мал дайындаудағы кемшіліктер мен бұрмалаушылықтардан іздеуіміз керек.

1931 жылы Тайпак (бұрынғы Орал округінен), Маңғыстау, Жылқосы (бұрынғы Гурьев округі), Табын (бұрынғы Ақтөбе округі), Көкпекті, Абыралы, Аягөз, Жарма, Күршім, Шұбартау, Тарбағатай (б. Семей округі), Ақсу, Октябрь, Кеген (б. Алматы округі), Қызылқұм (б. Сырдария округі) округтерінде жаппай ауа көшу орын алды.

Толық емес деректер бойынша «1930 жылы Қазақстан бойынша 34577 шаруашылық қоныс аударды, оның ішінде байлардың 1014 шаруашылығы, орташалардан — 1817 шаруашылық, кедейлердің — 21767 шаруашылығы, колхозшылардан — 54 және әлеуметтік топтары белгісіз — 29525 шаруашылық көшті. Қолда бар мәліметтер бойынша анықталмағандардың басым көпшілігі кедей және орта шаруалар тобына жатады», – деп жазды [8: 5]

Бір-бірімен жалғасып, шиеленісіп, халықты «Ақтабан шұбырындыдан кейін» шұбыртқан 1920–1930 жж. әлеуметтік-саяси катаклизмдер қазақ халқының саны мен сапасын ойсыратқаны белгілі.

1929–1930 жж. Қазақстандағы шаруалар көтерілістері дін адамдарының басшылығымен жүзеге асты. Кеңестік арнайы мәліметтерге сүйенсек, молдалардың мықты әскери күші болған, оларды сарбаздардан құралған ұлттық қазақ армиясы деп атаған. Шындығында, халық басына қиын жағдай туған кезде дәстүрлі кәсібімен айналысқан халық, негізінен мұсылмандар мешітке намаз оқу үшін жиналып, уағыз да тыңдайтын. Ишандар, молдалар, ахундар жиналған халыққа басшылық жасап, мешіттер көтерілістер орталығына айналды. Атап кетсек, Ырғыз және Арал аудандарында болған шаруалар көтерілістеріне басшылық жасағандар: Мұхантай Саматов — хазрет, молда; Исатай Сатыбалдин — молда, үш мешіт салған; Жұмағазы — Бәйімбет молда, Қарақұмдағы дін басшысы;

* Құжатты арабшадан аударған – Қызылорда облыстық мемлекеттік архивінің қызметкері - *Максам Бексеитов*.

Ақмырза — ишан, молда [9: 38]. Ырғыз көтерілісшілері қолдарына «Алладан басқа Тәңірі жоқ, Мұхаммед оның елшісі (с.ғ.с) деген жазуы бар ақ түсті ту ұстап алды.

Көтерілістердің барлығы күшпен басып-жаншылып, оған қатысқандар қатаң жазаланды. Мысалы, Ақмырза ишан бастаған көтерілісшілерді жою операциясы кезінде 107 адам өлді, 150 адам жараланды. Ақмырзаның өзі өлтірілді (намаз оқып отырған кезінде басын шауып алған) [9: 35].

1930 ж. Ырғыз ауданында ұжымдастырылғандар үлесін аудан бойынша 0 %-дан төрт күн ішінде 70 %-ке көтерілген. Арал аудандақ партия комитеті ұжымдастыру көрсеткішін көктемге қарай 65 %-ға жеткізу, бір жылда егістік көлемін 200 %-ға көтеруді міндет тұтқан директива қабылдаған [9: 40].

Ал шаруалар көтерілісіне қатысқандардың барлығын бандиттер, бандалық құрылымдар деуге болмайтын еді. Мысалы, Ақмырза көтерілісіне қатысқан әрі сарбазы болған, 1998 ж. көзі тірі кезінде мақала авторына сұхбат берген Шамшат Әлібайұлының естелігінен түсінгеніміз, Ақмырза ишан кеңес өкіметіне қарсы күресем деп ойлаған жоқ. Бірақ халықтың жағдайы қиындап, қолдарында ішерге асы, тірерге тұяғы қалмай алаңдасқан ауылдастары мешітке намаз оқуға жиналатын. Сол кезде іштегілерін бір-біріне айтып, қайдан ақыл аларын білмей, әуре сарсаң болатын. Яғни, халық көтеріліс жасауды ойлап арнайы жиналмағандығын айтады. Барар жерлері намаз оқитын мешіт болған соң ғана осында жиналғандығы туралы хабар береді.

Естелік айтушы Шамшат Әлібайұлы ағамыздың айтуы бойынша, халықтың қаруы да және билікке қарсы күресу мақсаттары болған жоқ. Мешітке жағдайды түсінбегендіктен, үлкендердің ақылдасу үшін, бес мезгіл намазын оқу үшін және ақыл тыңдар адамы Ақмырза ишанның не айтарын білгісі келіп қана жиналатын. «Халықтың мешітке жиналғанын жеткізгендер болды. Оны естіген «өкілдер» әскери күшті алып келген соң амал жоқ қорғануға тура келді», – дейді ағамыз [10].

Шамшат ағаның сөзіне тағы да көңіл бөлейік: «Ақмырза — ауыл мешітінің молдасы еді. Балаларға арабша сабақ үйретіп, сауатын ашатын. Рулас ағайынбыз. Шежіре тарқатсақ, Әлібайдан Жәни, одан Білеке, Білекеден Кетebай, содан соң — жолай руы. Ақмырза ишанмен Кетebай атадан бөлінеміз. Ақмырза — Төс — Арғынбай — Таңат — Кетebай — Жолай. Руы жолай. Өз әкем Николай патша кезінде болыс болған, халық ағасы болған.

Мешітке келген дүниені балаларға бөліп беріп, қарапайым халыққа көп көмектесетін. Ұжымдастыру кезеңімен тұстас келетін қиын шақта, әскер келе жатыр дегенді естігенде жиналған халыққа қарап отырып, жылап: «Мешітті тастамаймын, осында қаламын. Ал, сендер (шәкірттері) кетіндер, қандарыңды жүктемеймін, тараңдар», – дегенімен шәкірттері тарамайды. Салық пен малдың қырылуынан, әкіреңдеген «шаш ал десе, бас алатын» асыра сілтеушілердің тәртіптерінен қысым көрген халық мешітке келіп, не істерін білмей, жинала беретін. «Мешіт түбінде өлем. Дін үшін өлем. Қару-жарағым жоқ. Барлығың кетіндер, тараңдар», – деп, жиналған жұрт қолда бардың бәрін мешітке жинай берген соң, не боларын түсінбеген ауылдастарына осылай деп айтқан. Алайда, халық Ақмырза мешіті маңына жиналды. Құрамы — негізінен Кіші жүздің кете руы мен шөмекей руларының қазақтары [10]

Тағы бір естелік айтушы Ә. Өскенбаев былай дейді: «Қазір қайтыс болған Алмаш деген ағамыздың өз аузынан естігенім: «Мешітте біз мылтық істедік». Ал, Шамшат атаның келінінің айтуы бойынша, «атасы халық жиналған алғашқы кезде қарудың болмағандығын әрқашан айтып отыратын» еді дейді [10].

Басқа да көтерілістердің басталуы кезіндегі мәліметтерге келсек, халықтың жиналуларын ОГПУдің арнайы ақпараттарында көтерілістер деп, мәліметтерді ерекше қорқынышты етіп, асыра көрсетіп отырған. Мысалы, «Ырғыз көтерілісіне қатысқандар саны 3000 адам, олар Ырғызды басып алуда, қаланы қоршап алды» деген сөз дақпырт, жалған болып шығады. Жалпы 1300 адам қатысқан деп кейіннен нақтыланған Ырғыздағы көтеріліске қатысты айтсақ, «Көтерілісшілер қатарында жер аударылған орыс кулактары, Қытайдан келген казак офицерлері бар» деген арнайы сводка-мәліметтер де жалған болып шықты, бір де бір европалық болмаған. Алайда «банда» деп басып-жаншылған Ырғыз көтерілісіне қарсы әскери операция нәтижесінде 300 сарбаз қаза табады [9: 47]. Көтерілісшілердің көпшілігі беріледі, бірқатар бөлігі көршілес аумақтарға, Қарақұмға қарай қашып, тығылады.

Ал, Байқұлов Тұңғышбек ағамыздың дайындаған жинағында нәубет жылдардың куәгері, еңбек ардагері Темешәлі Барболұлының естелігіне келсек, былай деп жазылған: «1929 жылы Сарысу ауданындағы 50 орындық интернаттың директоры болып қызметке орналастым. Аудан халқы жазда Арқаны жайлайды да, қыста Шуға көшеді. Созақ ауданында көтеріліс шыққанын естігенбіз. Сапалай қасында біреуі бар біздің елге келіп «Созақ көтеріліп, кеңес үкіметін құлатты, біз де көтерілуіміз

керек» деп елді дүрліктірді. Өнші, ақын болғанымен Сапалай Исатаев екі жүзді, тұрақсыз адам еді. Бәйсейіттің соңына түсіп көрсеткен Әбеу Төлеубаев, Жақсылық Аяпов және Сапалай Исатаев болатын. Ал 1929 жылы Дінмұхамед Әділовтың жатқан жерін көрсетіп берген де Сапалай еді. Сөйтіп Сапалайдың көтеріліс туралы хабарына халық сенді. Сарысу ауданының кеңсесін қиратып, потребсоюздың қоймасын талап, үйін өртеп жіберген, бастығын өлтірген. Райком секретары Думанов мені шұғыл түрде өзіне шақырды. Келдім. Басшылар Өксікбайдың үйінде жиналып отыр екен. Секретарь: «Жұмаділдаев пен Барболов екеуің тездетіп Үшаралға жетіп, Алматыға телеграмма беріңдер» деп бізді аттандырды. Біз Үшаралға жеткенде Абдолла Асылбеков басқарған 750 атты әскер де келді. Отрядпен бірге көтеріліс болды деген жерге жеттік. Сөйтсе, бұл дақпырт екен. Бұзықтық жасағандарды ұстап, елді тыныштандырдық. Сапалай ұстатпай кетті. Содан кейін оның не болғанын ешкім білмейді. Сарысу ауданындағы көтерілістің жағдайы осындай болды» [11].

Бұл деректер шаруалар көтерілістері туралы ОГПУ-ға ақпарат жеткізушілер әдетте асыра сілтеушілікпен жалған ақпараттар беріп отырғандығын көрсетеді.

Қызылорда округінде орын алған Ақмырза көтерілісінің басталуы, барысы, аяқталуы тарихын халықтың ауызша тарихи мәліметтеріне сүйене отырып сараптасақ, онда көтеріліс ауыл халқының намаз оқу үшін мешітке жиналуынан, немесе жай жиынынан, біртіндеп стихиялы қозғалысқа, содан соң қарулы қарсылыққа ұштасқан. Арнайы кеңестік билікке қарсы ұйымдастырылмаған. Халық қарсылық көрсетуді мақсат тұтпаған. Қару кезеніп, әскери күш келе жатқан соң, қорғануға мәжбүр болып, қолына қару ұстаған. Кеңес өкіметінің ұжымдастыру саясаты кезіндегі шаруашылықтағы қиындықтан қалай шығарын білмеген мұсылман халықтың жиналар орталықтары — мешіт болған. Халық жергілікті Ақмырза ишанның мешітіне жиналады. Ақмырзаның «кетіндер, өкіметке бой ұсыныңдар» деген сөзіне құлақ салмай, ашынған халық мешітке жинала береді. Нақ осы халықтың жиналуы туралы хабар өкімет орындарына «бандалардың бас көтеруі» деп жеткізіледі. Нақ осындай қауесетпен ОГПУ органдары Қазалы мен Қызылордадан 2 қызыл әскер отрядтары шығып, (Қызылордадан шыққан әскери топты — Үбісұлтан Аяпов, Қазалыдан шыққан топты — Самалбек Ахметов басқарды) «бандаларды» қарудың көшімен жоюға кіріседі. Екі отряд Ақмырза тобын батысы мен шығысынан қоршап, жойып жібереді.

«Бандалардың» көзін жоюға жіберілген отряд Меңей деген жерде жасырынып, Ақмырза тобын аңдып, қоршап тұрады. Олар сол жерден өткен-кеткендерді операция аяқталғанға дейін жібермей, ұстап тұрады. Солардың арасында Хамза Жомартов деген алым-салық жинаушы, астындағы аты тәуір болғандықтан отряд астындағы атын алмақшы болған, бірақ, Хамза көлігін бергісі келмеген соң, өзін де жібермей, отрядпен бірге алып жүрген кездейсоқ қосылған жігіт болады. Қазалы отрядының басшысы С. Ахметов Ақмырзамен келіссөз жүргізуге сол Хамзаны жібереді. Хамза Ақмырзаға: «Қарулы отрядқа қарсылық жасама, орысқа қарсы шықпа, өзің де өлесің, халық та қырылады. Одан да өкіметке беріл», – дейді. Ақмырза өзінің ойының да осындай екендігін, бекер қантөгіс болмас үшін, қарсы шықпай берілетіндігін айтып: «Орыс үлкен күш, күшім жетпейді. Бірақ дінімді бермеймін. Соғыспаймын. Халқыма тимесін. Ал, өзім өлсем өлейін», — деп келісімге келеді. Осы сөзді отрядқа айтпақшы болып, Хамза Меңейге жасырынған әскери топқа келіп, «Ақмырза соғыспайтын болды», – деп, келіссөз нәтижесімен таныстырып тұрғанда, Меңей маңында бұталарға жасырынып отырған, келіссөз барысынан хабарсыз Ақмырзаның мергендері оны атып тастайды. Хамза өлгеннен кейін отряд екі жақтан келіп, қол пулеметімен халықты ата бастайды. Содан қантөгіс басталып кетеді. Көтерілісшілерді қырып салады, ал аман қалғандары Қарақұмға барып тығылды. Көпшілігі Өзбекстанға, ары қарай Тәжістанға қашты. Көтеріліске қатысқандардың туыстары қудалана бастайды. Сол кезден тәуелсіздік жылдарына дейін көтеріліске қатысқан «жолай» руының ұрпақтары өздерінің жолай руынан екенін жасырып, басқа рулардың атын жамылып келген» дейді, «Ақмырза көтерілісіне» қатысқанда 18 жаста болған Әлібайұлы Шамшат ата [12].

Сондай-ақ, Маңғыстау және Табын аудандарын қамтыған Адай көтерілісіне қатысқандар саны 3 000 адам, жалпы 15 000 адам осы көтеріліске тартылды [8: 5]. Бұл көтеріліс те мұсылманды діни сеніммен астасып жүрді. Ру ақсақалдары Адай халқын, мұсылмандарды мал-ет дайындау және жүн өнімдерін дайындау науқандарының ауыртпалығынан, кеңес өкіметінен құтылуға шақырды.

Бұл көтеріліс те басылды. 196 адам түрмеге түсті, жергілікті партия қызметкерлерінің 11 мүшесі көтерілісшілерге көмектескен деп тұтқындалды, 21 адам контрреволюционер ретінде атылды. Көтерілісшілердің бір тобы отбасылармен бірге қоршаудан қашып, Түрікменстан, Иран, Ауғанстанға қоныс аударды.

Сондай-ақ, кеңес дәуірінде жарияланған еңбектер саяси биліктің көзқарасына бейімделген архив құжаттарына сүйенгендіктен, халық қозғалыстарын сотқарлардың топтарының бас көтерулері түрінде көрсетеді. Ал, сол архив құжаттарын зерделеген кезінде, олардың ішінен шынайы оқиға барысын байқауға болатын мәліметтер де кездесіп қалады. Сол халықтың жадында сақталған пікірлерді сараптасақ, онда арасында батыры да, мергені де бар, момын шаруасы басым халықтың көтерілу мақсаты болмаған. Кеңестік биліктің алпауыт қарулы күшіне қарсы келуге қаймыққан халық ішкі ойын намаз кезінде жиналар жерінде, мешіт-медреседе бас қосып, ақтаратын еді. Осындай сәттер тыңшылар сөзінде «қарсылық топ жиналды, пікірлері билікке қарсы» дегендей сөздерді жеткізген соң, ОГПУ құжаттарында ресми түрде «бандиттер, сотқарлар мен басбұзарлар» деген атаумен беріліп, біртіндеп, жазалау шараларын жүргізбекші болғандығына байланысты қарсылық көрсетуге мәжбүр болған, арты қарулы қақтығыстарға ұласқан халық көтерілістерінің бірі болып табылады.

Сталин қайтыс болған соңғы «жылымық» жылдары орын алған оңалту үдерісі кезінде сол Ақмырза көтерілісіне қатысқан, жазалаудан қорыққан, өз руларын жасырған халық тегін ашық айта бастайды. Мысалы өздерін де, ұрпақтарын да сақтау үшін жолай руының өкілдері кете руынанбыз деп жасырынған болса, «жылымық» шынайы тегін ашуға мүмкіндік бергендей боды. Бірақ, тәуелсіздік орнағаннан соң ғана Ақмырза көтерілісіне қатысқан жолай ұрпақтары екенін еркін айта бастады.

Қарақұмда болған көтеріліс туралы мәліметтерге сөз берсек: Волга бойы округі қызыл әскер революциялық комитетіне жіберілген Қазақстандағы айрықша топтың әскери қимылдарының 1930 жылдың наурызы мен мамыр айларындағы қызметі туралы баяндамада: «23 наурызда Ақтөбе-Қостанайдың арасындағы бандалық топтар талқандалып, біртіндеп Орынбор-Орск маңына қарай қуылды. Осы кезде 25–30 наурызда Орта Азия әскери округіне қарасты аудандарда, Қарақұм мен Қызылқұмның Арал бөлігінде Қарсақпай мыс қорыту комбинаты мен Ташкент темір жолына қауіп төндірген бандалар пайда болды» деп жазылған екен [12: 10–11].

Сусыз Қарақұмда елді мекеннен бірнеше жеркепелер мен Сырман қожа әулиенің мешіті ғана бар болатын. Құмдардың ортасында Қараүңгір деп аталатын шатқалында, картада Жыңғылды құдығының қасында Шырын деп аталатын оазис бар. Осы жерге 1916 жылы (*құжатта 1919 ж. деп берілген – АИК*) Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалысты генерал Куропаткин басып жаншыған кезде қорғанып, қашып, 1916 ж. тамыздан 1917 ж. Ақпан революциясына дейін тығылған, паналаған жерге көтеріліске қатысқан халық 1930 жылы тағы да паналайды.

Ал зерттеушілердің халық аузынан жинаған мәліметтері бойынша, қазіргі Жалағаш ауданындағы Қарақұм жерінде үш жүздің пірі болған Әзиз сопы, Мүсірәлі әулиенің ұрпағы Сырман қожа жатыр. Сырман қожа осы өңір қазақтары табынған әулие кісі болған. 1930 жылы кеңестік идеологияға қарсы көтерілген қазақ шаруалары осы кісінің мешітін паналаған. Сырман қожаның мешіті көтерілістің орталығы болған. «Көтерілісшілер Қамбар төбесінде Жұмағазы ханның ақ туын тігіп, аллаға сиынып, көшпен шыққан», – дейді жалағаштық естелік айтушы Ә. Әлмешов. Қазіргі Қармақшы, Жалағаш, Тереңөзек (Сырдария) жерлерінен 20 мыңдай адам көтеріліп, Қарақұмға көшіп келеді. Оларға арғындар мен қыпшақтар да қосылады. Бұлар ұжымдастыру саясатының қысымын көрген шаруалар көтерілісшілердің көпшілігі еді.

Елемес деген жерде көтерілісшілер мен қызыл әскер отрядтары арасында соғыс басталады. Қазақ шаруаларының қарсылығын басып-жаншуға ірі көш жұмсалады. Үкімет әскерлері де үлкен шығынға ұшырады. Олардың мылтықтарын тастай қашқан жағдайлары болды. Қазақ шаруаларының осал жау емес екенін білген әскер басылары келісімшарт жасау үшін Алматыдан Үкімет комиссиясын шақырды. Ә. Жангелдин, С. Сейфуллин т.б. комиссия құрамында болды. Келісім бойынша, көтерілісшілер қаруларын тапсырған. Мамыр айының басында көтеріліс басылады. Ал келісімшарттың айлакер саясаты арқасында шаруалардың арасындағы көтеріліс басшыларын ұстап, Қызылордаға апарып, атып жіберген. Олардың ішінде Жұмағазы хан, ағайынды Қосжандар т.б. болды. Мұны естіген қазақ шаруалары маусым айында қайта көтерілді. Көтеріліс басшысы Жұбанов Қожбан деген шаруаны хан етіп сайлайды. Көтеріліс желтоқсанның ортасында дейін созылды. Бірнеше қақтығыстар соңында, 8-желтоқсанда Қожбан хан жеңілді. Көтеріліс жеңілген соң, Қарақұмды көтерілісшілерден тазарту керек деген оймен Шумилов деген әскер басы көтерілісшілерді Сыр бойына қуды. Қарақұмда батыл, тапқыр әрі ержүрек мергендер ғана қалды. Соның ішінде Әлментай, Дәнәй қожа т.б. кісілер ашаршылық кезінде Қарақұмға қашқан адамдарды асырап, аштан өлтірмей, біраз көмек көрсеткен [10].

Жұмағазы ханның тобында қызыл әскерлерге қарсы шайқасқан бандаларды талқандағаннан соң, Қарақұмға барып тығылып, бандалық топ құрған деп жазаланған Әлментаев Ерناзар, Ерназаров Бедер, Ешбаев Сыздық, Зубаиров Дүйсембай, Какатаев Тулеген, Биртанов Піралі туралы құжаттарды, соның ішінде жауап алу парағындағы мәліметтерді талдасақ, олардың Өзбекстан жеріне ауып барып, ол жерде пана таппаған соң, қайта оралып, Қарақұм құмдарында аң аулаумен айналысқандарын, көтеріліске шығу ойларында болмағанын байқаймыз. Тергеу қағаздарындағы бірнеше рет жауап алу парақтарын алынған күндеріне сай саралағанда, оларға бандиттік іс-әрекетті күштеп таңғандығы да байқалады [13: 32–40]. Құжаттар бойынша Әлментаев Ерназар, 1930 ж. 60 жаста, Қармақшы ауданы, 21-ші ауыл тумасы. 1930 жылы Жұмағазы хан бастаған көтерісшілерге қосылған, Жұмағазы хан көтерілісі басылған соң басқа да көтеріліске қосылған, Көкбай көтерілісі талқандалған соң 1937 жылдың 14 февралына дейін кеңес үкіметіне қарсы «бандалық» ісін жалғастырған. Қарақұмда жасырын түрде кеңестік қызметкерлерді торуылдап, шабуыл жасап отырған, 1933 жылы қызыл әскер әскерінің жол сілтеушісі, жол бастаушылары — ағайынды Байпешов Тухталап пен Мұхтарды және Алигапарды отбасыларымен өлтіру туралы шешім шығарған топтың басшысы ретінде жазаға тартылған [13: 32–40].

Асандар көтерілісіне келсек, Қазалы ауданына қатысты аумақта көпшілігі Кіші жүздің Өлімінен тарайтын алты кішкенең бірі асан руынан тарайтын қазақтар мекендейді. «Асан көтерілісі» деп аталуы — өкімет шарасына қарсы наразылық білдіргендердің басым бөлігі асан руынан еді. Арасында Арал ауданының адамдары да болған. Өткен жері — Сырдарияның сол жағалауында, осы күнгі «Әлсейіт» өткелінен оңтүстік шығысқа қарай екі шақырымдай шамадағы «Дүзубай ағашы» деп аталатын бақшалықтың тұсы.

8 тамызда «Алтын арық» деген жерде 300-дей шаруалардың қатысуымен жиналыс өткізілген. Астық дайындау жоспарының мән-жайын түсіндіріп, баяндаманы Каюпов жасаған. Жарыссөзге ауылдың бас көтерер адамдары Асанов Дәрмен, Қалдыбаев Ержан, Тілеулесов Алыбай, Бәсімов Елдос және Мәденов Бейсенәлі сөйлеген. Олар бірауыздан өкіметке өткізетін ондай астық бізде жоқ деп ауданнан белгіленген жоспарға қарсы шыққан. Содан соң: «Сонымен қатар, мемлекет кедей-шаруалардың тұрмысына, хал-жағдайларына дұрыс көңіл аудармайды. Керісінше, ішіп отырған астығының соңғы дәніне дейін алғысы келеді. Біз осы уақытқа дейін мұның бәріне көніп келдік, ендігі жерде ел болып, халық болып әрі қарай тіршілік ететін болсақ, бірігіп кеңес өкіметінен қорғануымыз керек», – деген. Жиналған жұрт бұл айтылған сөздерге түгелдей қосылып, өздерінің келісімін, ризашылығын білдіріп, отырған орындарында дауыс көтере бастаған. Бір тәртіппен өтіп жатқан жиналыстың ағымы бұзылып, соны у-шуға айналған «Шаруалардың кейбіреулері» бар пәле осылардан деп ауылдық кеңестің төрағасы мен белсенділерге тиіскен. Оларға сендер ауданға егістің жағдайы туралы дұрыс мәліметтер бермегенсіңдер, сол себепті олар бізге іске аспайтын жоспар беріп отыр», – деп айып таққан. У-шудың аяғы ұрып-соғуға дейін барған, көбісін тұтқындаған.

«Содан халық тұтқындағыларды босатып алған. Оларды босатып алған соң, кеңес өкіметі бұл әрекеттерін кешірмейді деп есептеп, шаруа адамдары өздерінше қамданып, біртіндеп халыққа жағымсыз кеңес өкіметінің шараларына жаппай наразылық білдіріп, көтеріліске шығуды дұрыс деп тапқан», – дейді ақпарат жеткізушілер [10].

Көтеріліс туралы сол кезде жиырма жаста болған, көтерілісті көзімен көрген Сағидан ақсақалдың айтқанына келсек: «Тамыз айының соңында салыққа көнбеген № 21, 22, 23, 24 ауылдың адамдары бас қосып, астық салығына наразылық білдіру мақсатында өкіметке қарсы қол жинап жатыр екен, — деген хабар жетті. Міне бұл жерде де мешіт халық жиналар жер мешіт болды. «Әбжәми мешітінің жанында әр ауылдан жеті жүзден астам адам жиналды», – дейді Сәкен, № 23 ауылдан да сайдың тасындай іріктелген алпысқа жуық жігіт келді. Арасында Ақып Өтеуұлы, Серік Өззатиұлы, Өмірбек Жасыбайұлы, Әлмағамбет Сарыбетұлы, Білдат Бәкіұлы болды. Солардың қатарында мен де бармын. Алғашқы күні жиналғандар дау-дамайсыз тарасты. Жиналған халық көтерілістің ұйымдастырушысы болып жүрген діни сауатты Орымбетов Иманмақсымды басшы етіп, Иімбетов Әбдіқалықты оның орынбасарлығына бірауыздан сайлады. Шаруалар ертеңіне уәделескен мезгілде қайта жиналды. Бір-бірінен естіп құлақтанды ма кім білсін, адам қарасы кешегіден бірнеше есе көбейіп кетті. Жиналған көпшіліктің қару-жарағының сиқы: қол шоқпар, кейбіреуінде салақ, найза. Алға кеткен тыңшылардың айтуы бойынша, мұздай қаруланған бір топ әскер Сырдария өзеніндегі «Әлсейіт» көпірінен өтіпті. «Дүзібай ағашына» қарай бағыт түзеген көрінеді. Бір сәт сол тұста аспанға көтерілген шаң көрінді. «Келе жатыр» деген күбір көздер естілді. Жиналған халық әскерге қарсы топырлай жөнелді. Алғашқыда қаптаған халықтан сескенген әскер кейін шегінді.

Сәлден соң көтерілісшілердің қаруы жоқ екенін сезген әскер кідіріп, пулеметтер, автоматтардан оқтар жаудыра бастады. Айнала шаң мен оқ түтінімен, біреуді біреу көрмейтін тұманға айналды. Кісінеген ат, ысқырған адам даусы естілді. Жер беті қанға бөкті. Талай боздақ ақ құшты. «Қырық жыл қырғын болса да, ажалды өледі», — деген сөз рас екен. Оқ тимей аман қалғаныма таң қаламын. Бір қуанатыным, ауылдастарымның ешқайсысы мені тілінің ұшына алған жоқ. Бәлкім жетім еді деп аяды ма. Әйтпесе өкіметтен үрейленген халықтың бірін-бірі ұстап берген кезі де болды. Сол уақыттағы қатал заңға сәйкес, талайлар қуғынға ұшырап, жазаланды, ажал тырнағына ілінді. Мен білетін Орымбетов Иман, Сырымбетов Әлмағанбет, Бәсімов Білдаш, Иімбетов Әбдіхалық, тағы басқа арыстан жүрек азаматтар осы көтерілістің құрбаны болып кетті» [10].

Дәстүрлі қазақ ауылы ХХ ғасырдың басында байлар мен шаруалар арасындағы шаруашылықты қатынас сақталған әлеуметтік құрылымымен дамыған еді. Байларды тәркілеу мен жер аудару, салық мөлшерінің үстін-үстіне өсуі, бай, кулактар, орташаларды қысымға алып, қудалауды бастауы және т.т. байлардың қарсылығымен бірге ауылдық жүйе негізінде, байлар үгіттерінің нәтижесінде деуге де болады, билікке қарсы қозғалыстардың халықтық сипатымен ұштасты. Биліктің құжаттарында олар контрреволюционерлер, қылмыскерлер деген атпен тұтқындалып, жазаланды.

Айта кету керек, шаруалар көтерілістеріне қатысқандардың негізгі бөлігі — алдында стихиялы түрде жиналып, жазалау шаралары күшейген соң, бас сауғалап, қорғану үшін қару ұстанып, соңында көтерілісшілер қатарына енген қарапайым халық болды.

Қазақстанның барлық аймақтарында көтерілістер орын алды. 1929–1931 жылдар арасында Алматы округінің Балқаш, Шоқпар, Іле, Еңбекшіқазақ, Бүйен Ақсу, Сарқан, Жаркент және Бөрібаев аудандарындағы шаруалардың күштеп ұжымдастыру мен шаруашылық-саяси науқандарға наразылығы олардың жаппай босқыншылығымен астасып жатты. Профессор Қ.С. Алдажұманов өз зерттеуінде 1930 жылдың басы, жаппай шаруалар толқуы мен көтерілістері кезінен бастап Қазақстаннан тұрғылықты жерінен 281230 шаруашылық босып кетсе, соның 83 мыңы солтүстік-батыс Қытай мен Ауғанстанға қашқанын көрсеткен. Сол кезеңдегі, кейінірек жаппай ашаршылық жағдайында босқыншылық қазақ ауылдарын ғана емес, орыс қоныс аудару деревняларын да қамтыды. Алматы округінен 51198 шаруашылық сыртқа босқын болып кеткен [7: 83–84].

Шекаралық аудандардағы босқыншылықтың ірі байларды тәркілеу науқанынан кейінгі цикл 1929–1930 жылдардағы астық дайындау науқанында орын алды. Босқыншылық мәселесіне назар аударған ОГПУ ҚАССР-дағы тұрақты өкілдігі басшысы Н.Л. Волленберг 1929 жылдың 15 желтоқсанында Қазақстан Өлкекомы мен ХКК-не жолдаған «К» сериялы құпия хатында «шекаралық аудандардағы астық дайындау науқаны тұрғындардың бай-кулак бөлігі тарапынан науқанның өзіне және кеңес өкіметінің осы науқанмен байланысты басқа шараларына қарсы өршеленген кеңеске қарсы үгіт-насихатты туғызып отырғаны» көрсетілген. Шаруалардың арасында әрбірінің астығы, мал-мүлкі тәркіленетіні туралы қауесат таратылған. Осыған байланысты Қытайға астыртын көшу жиілеп кеткен. 1929 жылдың тамыз-қазан аралығында Жаркент, Бақты, Зайсан шекара учаскелері арқылы 82 көш өткен, — деп жазады зерттеуші Е. Стамшалов өзінің мақаласында [14].

1929–1932 жылдардағы шаруалар көтерілістері жеңіліске ұшырап, қатысқандары тұтқындалып, сотталды. Көпшілігі қашып, Қазақстаннан тыс жерлерге асты. Мысалы, Біріккен мемлекеттік саяси басқарманың (ОГПУ) өкілетті өкілдігінің 1931 ж. 1 ақпандағы оперативті қорытынды мәліметі бойынша, Гурьев округіндегі Жанходжин «бандалық» топтың мүшелері Астрахань округіне қашып, біртіндеп сіңіп кетті. ОГПУ-дың Астрахань және Гурьев оперативтік секторларының шаралары негізінде 16 қашып барған «бандит» ұсталды. Көтеріліс басшылары Жанходжин де Астрахань жерінен тұтқындалған [15: 178]. Сондай-ақ, ОГПУ Ақтөбе оперсекторының 1930 ж. 1 желтоқсанындағы мәліметі бойынша, Қожахметов Құдыскерей бандалық тобының мүшелері Қарақалпақстан облысының Қоңырат ауданына қашып барған [15: 182–183 пп.]. Қоңырат ауданының орталығы Ақтоғайдан 80 шақырымдай жерде орналасқан Көндекті тауына тығылған көтерілісшілердің қалдығын артынан қуып барған қызыл әскерлер талқандап, тұтқындайды [15: 166 п.]. Семей округінде Қытай жағында тұратын Ахметжанов Мақан байдың ұйымдастыруымен қазақтарды жаппай көшіру жүзеге асырылды.

Яғни, бұдан кейін жалғасқан қарсылықтың негізгі түрі Қазақстаннан тыс жерлерге қоныс аудару — ауа көшумен, шетке қашумен жалғасты.

Қазақстан Қаржы ХК 1931 ж. 9 тамыз Қазақ өлкелік партия комитетіне жолдаған мәліметінде Қазақстанның 27 ауданынан ғана (47 аудан мәліметтері жоқ) негізінен Орта Азия республикалары мен Қытайға босты. Мысалы, 1930 жыл мен 1931 жылдың 5 тамызына дейінгі аралықта Өзбекстанға

3436 шаруашылық 187909 малды айдап кеткен болса, Түрікменстанға сәйкесінше, 7371 шаруашылық тан 319 725 бас мал, Тәжікстанға — 1767, 88 350; Қырғызстанға — 1031, 33 595, Қытайға — 563, 2276, ал Қарақалпақстанға — 2355 шаруашылық, 11 262 малдарымен өтіп кеткен (16: 136).

Қарақалпақстанға, тұрақтамай одан ары қарай кеткен қожалар Қарақалпақ жеріне жақындау орналасқан Қазақстанның Қазалы, Арал, Шалқар, Темір, Табын, Ақтөбе және т.б. аудандарынан ауа көшті (16: 137).

Байлардың айналасына жинала отырып шаруашылығын жүргізген қазақ ауылдарының арқа сүйер, экономикалық жағынан күшті тобын кәмпескелеу, жер аудару, қуғындау шаралары қазақ ауылының экономикалық күш-қуатынан айырып, ашаршылықтың, босқыншылықтың өрістеуіне әкелді. Әлсіреп, қалжырап, мұздай қаруланған әскери күштердің тегеурініне төтеп бере алмаған көтерілісшілер қарсылығы әлсірейді, жеңіледі.

Көтерілістердің жеңілуінің басты себебі — дұрыс ұйымдаспағандығы, стихиялылығы, көтерілісшілердің нашар қарулануы, сонымен бір мезгілде орын алған ашаршылыққа тікелей қатысты.

Ашаршылық пен босқыншылық қазақ елін Шыңғыс хан жаулауы мен жоңғар шапқыншылығы кезеңінен кейінгі ірі демографиялық апатқа әкелді.

Қорытынды

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың саяси қуғын-сүргінге ұшыраған құрбандарды ақтау тапсырмасына қатысты екі жылдан бері ғалымдар ізденіс шараларын жүргізуде. Республикалық, өңірлік, қалалық мемлекеттік комиссия жаппай қуғын-сүргін құрбандарын ақтау үшін есімдерін, тарихын анықтау жұмыстарын жүргізуде. Солардың ішінде ауа көшкен босқындар тобы бар. Сол босқындардың ішінде арнайы саяси әрекетіне қатысты ресми жазаланғандары, сотталғандары, содан кейін қашқандары да бар. Босқындардың осы тобы арнайы шешім негізінде жазаланған болғандықтан, олар ақтау үдерісіне кіреді. Ал, ашаршылық жылдарында ауа көшкен босқындар қуғын-сүргінге ұшырағандар тобы ретінде есептелінгенімен, жекелеген адамдарға ауа көшкені үшін арнайы жазалау, сот шешімі болмағандықтан, оңалту-ақтау үдерісіне есімдері кіргізілмейді. Алайда, тарихи әділдік үшін, зобалаң жылдар құрбандары ретінде атын атап, түсін түстеп, ата-баба дәстүрімен құран бағыштап, құрмет көрсету сауапты іс болар еді. Мысалы, Қызылорда қаласына 2022 жылдың тамыз айында жасалған іс-сапар кезінде Қызылорда облыстық мемлекеттік архивінің қорларынан сол кездегі Қызылорда округінің ауыл-ауылдары бойынша ауа көшкендер (откочевники деп берілген) тізімі кездесті [17].

Мақала ЖТН АР08856865 «XX ғасырдың 30-жж. басындағы жаппай ашаршылық кезеңіндегі Орта Азия республикалары мен Ресейдегі қазақ көшпелілері: орналасуы мен бейімделуі» атты жобасын жүзеге асыру аясында дайындалды.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Козыбаев М. Тоталитарный социализм: реальность и последствия / М. Козыбаев, К.С. Алдажуманов. — Алматы, 1999. — 28 с.
- 2 Ұлттық қауіпсіздік комитетінің арнайы архиві. — Қ. 9. — Т.1 — Іс. 1.
- 3 Ұлттық қауіпсіздік комитетінің арнайы архиві. — Қ. 9. — Т.1. — Іс. 478.
- 4 Қазақстан Республикасы Президентінің архиві. — Қ. 719. — Т. 5. — Іс 168. — П. 4–7.
- 5 Қызылорда облысының Мемлекеттік архиві. — Қ. 2. — Т. 2. — Іс. 11.
- 6 Қазақстан Республикасы Президентінің архиві. — Қ. 33. — Т. 1. — Іс. 21.
- 7 Қазақстан Республикасы Президентінің архиві. — Қ. 141. — Т. 1. — Іс.12.
- 8 Қазақстан Республикасы Президентінің архиві. — Қ. 14. — Т. 17. — Іс. 465
- 9 Қазақстан Республикасы Президентінің архиві. — Қ. 141. — Т.1. — Іс. 2953.
- 10 Құдайбергенова А.И. Қазақстандағы шаруалар көтерілістері ел ауызында (1928–1932 жж.) [Электрондық ресурс]. / А.И. Құдайбергенова. — Қолжетімділік тәртібі: <https://iie.kz/?p=2501>
- 11 Әулие-Ата өңіріндегі ашаршылық. Көп томдық жинақ / Құрастырушы: Т. Байқұлов. — Алматы: «Базарбаева» ЖК, 2022. — 3 т. — 672 б.
- 12 Ұлттық қауіпсіздік комитетінің арнайы архиві. — Қ. 9. — Т. 1. — Іс 471.

13 Қызылорда облыстық Ішкі істер департаментінің арнайы архиві. — Қ. 12. — Іс 24.

14 Стамшалов Е. XX ғасырдың 20–30 жылдарындағы Қазақстанның оңтүстік-шығыс өңіріндегі қарулы босқыншылық көріністері / Е. Стамшалов // «Қазақстандағы 1930-шы жылдардағы жаппай ашаршылық және қазақтардың шектес аумақтарға мәжбүрлі қоныс аударуы: заманауи түсіну және ғылыми бағалау мәселелері» атты Халықаралық ғылыми-тәжірбелік конференция материалдары / Құраст. А.И. Құдайбергенова, Ө.И. Исенов. — Алматы, 2022 ж. — 305 б.

15 Қазақстан Республикасы Президентінің архиві. — Қ. 141. — Т.1. — Іс. 5049.

16 Қойгелдиев М. Тарих тағылымы не дейді? / М. Қойгелдиев, Т. Омарбеков. — Алматы: Ана тілі, 1993. — 208 б.

17 Қызылорда облыстық мемлекеттік архиві. — Қ. 33. — Т. 1. — Іс. 176.

А.И. Кудайбергенова

Крестьянские восстания 1929–1932 гг. в Казахстане и откочевка казахов (в памяти народа)

В статье рассмотрена одна из актуальных проблем истории XX века — история откочевков-беженства казахов в 1930-е гг. в Казахстане. Конфискация имущества крупных баев, кулаков, полуфеодалов (средняков и крестьян шаруа), принудительная коллективизация, насильственная седентаризация, силовая хлебозаготовка и мясозаготовки, карательная реализация Закона «О трех колосках» — все эти политические кампании привели к вынужденным откочевкам населения с насиженных мест: вначале откочевка баев и представителей всех социальных слоев целыми аулами; далее, впоследствии подавления восстания шаруа, — бегство их участников и предводителей на сопредельные территории, а также беженство как метод выживания казахов во время голода, охватившее население всех регионов республики. Авторами, на основе устных материалов, собранных автором во время экспедиции ученых Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова по Казахстану в 1998 г., а также рассекреченных архивных материалов, детально раскрывается проблема одной из форм протеста народа против политических кампаний Советской власти — восстаний шаруа, сопровождавшихся откочевкой населения. История крестьянских восстаний, охвативших Кызылординскую область в 1929–1930 гг., автором дополняются устными сведениями, выявленными в ходе личной беседы автора статьи с участником восстания, сарбазом Акмурзы ишана — Шамшатам Алибайулы, а также другими информаторами. В результате анализа воспоминаний и архивных документов автором высказывается свое мнение о причине и характере восстаний шаруа.

Ключевые слова: крестьянское восстание, голод 1929–1933 гг., беженство, откочевка, Казахстан, Акмурза, религия, мечеть, репрессия, реабилитация.

A.I. Kudaybergenova

Peasant uprisings of 1929–1932 in Kazakhstan and Kazakhs' migration (in the memory of the people)

The article deals with one of the topical issues of the history of the XXth century — the history of migration-refugees of the Kazakhs in the 1930s in Kazakhstan. Confiscation of the property of large bays, kulaks, semi-feudal lords (middle peasants and sharua peasants), forced collectivization, forced sedentarization, grain and meat procurement, punitive implementation of the Law «On Three Spikelets» — all these political campaigns led to forced migrations of the population from their homes: at first, migration of bays and representatives of all social strata in whole auls; further, subsequently, the suppression of the Sharua uprising — the flight of their participants and leaders to neighboring territories, as well as refugee as a method of survival of the Kazakhs during the famine, which engulfed the population of all regions of the republic. The article, based on oral materials collected by the author during the expedition of researchers from of the Ch.Ch. Valikahnov Institute of History and Ethnology over Kazakhstan in 1998, as well as declassified archival materials, reveals in detail the issue of one of the forms the people's protest against the political campaigns of the Soviet government — the Sharua uprisings, accompanied by migration of population. The history of the peasant uprisings that engulfed the Kyzylorda region in 1929–1930 is supplemented by the author with oral information revealed during a personal conversation between the author of the article and a participant in the uprising, the sarbaz of Akmurza Ishan — Shamshat Alibayuly, as well as other informants. As a result of the analysis of memoirs and archival documents, the author expresses his opinion about the cause and nature of the Sharua uprisings.

Keywords: peasant uprising, famine 1929–1933, refugee, migration, Kazakhstan, Akmurza, religion, mosque, repression, rehabilitation.

References

- 1 Kozybaev, M., & Aldazhumanov, K.S. (1999). Totalitarnyi sotsializm: realnost i posledstviia [Totalitarian socialism: reality and consequences]. Almaty [in Russian].
- 2 Ulttyq qauipsizdik komitetinin arнайы arkhivi [Special archive of the National Security Committee]. — F. 9. — Vol. 1. — C. 1 [in Kazakh].
- 3 Ulttyq qauipsizdik komitetinin arнайы arkhivi [Special archive of the National Security Committee]. — F. 9. — Vol.1. — C. 478 [in Kazakh].
- 4 Qazaqstan Respublikasy Prezidentinin arkhivi (KR PA) [Archive of the President of the Republic of Kazakhstan]. — F. 719. — Vol. 5. — C. 168 [in Kazakh].
- 5 Qyzylorda oblystyq memlekettik arkhivi [Kyzylorda regional state archive]. — F. 2. — Vol. 2. — C. 11 [in Kazakh].
- 6 Qyzylorda oblystyq memlekettik arkhivi. — F. 33. — Vol. 1. — C. 21 [in Kazakh].
- 7 Qazaqstan Respublikasy Prezidentinin arkhivi [Archive of the President of the Republic of Kazakhstan]. — F. 141. — Vol. 1. — C. 12 [in Kazakh].
- 8 Qazaqstan Respublikasy Prezidentinin arkhivi [Archive of the President of the Republic of Kazakhstan]. — F. 141. — Vol. 17. — C. 465 [in Kazakh].
- 9 Qazaqstan Respublikasy Prezidentinin Arkhivi [Archive of the President of the Republic of Kazakhstan]. — F. 141. — Vol. 1. — C. 2953 [in Kazakh].
- 10 Qudaibergenova, A.I. Qazaqstandagy sharualar koterilisteri el auyzynda (1928–1932 zhzh.) [Peasant movements in Kazakhstan are in the country's mouth (1928–1932)]. Retrieved from <https://iie.kz/?p=2501> [in Kazakh].
- 11 (2022). Aulie-Ata onirindegi asharyshlyq [Famine in Aulie-Ata region]. Kop tondyq zhinaq [Multi-volume collection]. Vol. 3. Almaty: «Bazarbaeva» ZHK [in Kazakh].
- 12 Ulttyq qauipsizdik komitetinin arнайы arkhivi [Special archive of the National Security Committee]. — F. 9. — Vol. 1. — Case 471 [in Kazakh].
- 13 Qyzylorda oblystyq Ishki ister departamentinin arнайы arkhivi [Special archive of Kyzylorda Regional Department of Internal Affairs]. — F. 12. — C. 24 [in Kazakh].
- 14 Stamshalov, E. (2022). XX gasyrdyn 20–30 zhyldaryndagy Qazaqstannyn ontistik-shygys onirindegi qaruly bosqynshylyq korinisteri [Manifestations of armed refugees in the south-eastern region of Kazakhstan in the 20–30s of the XX century]. Proceedings from Mass famine in Kazakhstan in the 1930s and forced migration of Kazakhs to neighboring territories: problems of modern understanding and scientific evaluation: *Khalyqaralyq gylimi-tazhirebelik konferentsiya – International Scientific and Practical Conference*. Almaty [in Kazakh].
- 15 Qazaqstan Respublikasy Prezidentinin arkhivi [Archive of the President of the Republic of Kazakhstan]. — F. 141. — Vol. 1. — C. 5049 [in Russian].
- 16 Qoigeldiev, M., & Omarbekov, T. (1993). Tarikh tagylymy ne deidi? [What does history teach?]. Almaty: Ana tili [in Kazakh].
- 17 Qyzylorda oblystyq memlekettik arkhivi [Kyzylorda regional state archive]. — F. 33. — Vol. 1. — C. 176 [in Kazakh].